

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ



«БЕКІТЕМІН»  
Бас директор

С. Садықов

«08» 01 2023 г.

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Астана  
2023 г.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының (бұдан әрі – Орталық) Оқу-әдістемелік кеңесі Орталықтың Жарғысына сәйкес құрылады.

## 1. Жалпы ережелер

Оқу-әдістемелік кеңес өз қызметінде төмендегі құжаттарды:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 жылы 27 шілде);
- басқа нормативтік құқықтық актілер;
- Орталықтың Жарғысы;
- осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Негізгі міндеттер

Оқу-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері:

- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту үшін әзірленген әдістемелік ұсынымдардың сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- Орталық шығаратын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдар мен басқа да материалдарды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру және басып шығаруға ұсыныс жасау;
- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру және оқытудың жаңа технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- жаңа технологияларды, әдістерді, оқыту құралдарын енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- дене шынықтыру бойынша педагогтердің ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;
- білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- педагог қызметкерлері аттестаттауға қатысу;
- білім беру процесінің сапасын ұйымдастыру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу.

### **3. Оқу-әдістемелік кеңесті қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі**

3.1. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамына оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, дене шынықтыру саласындағы жетекші ғалымдар, педагог-практиктер кіреді.

Оқу-әдістемелік кеңестің құрамын Орталықтың Бас директоры бекітеді.

3.2. Оқу-әдістемелік кеңес дене шынықтыру педагогтерін, тәжірибелі педагог-әдіскерлерді тартуға құқылы.

3.3. Оқу-әдістемелік кеңесті Орталықтың Бас директоры басқарады.

3.4. Оқу-әдістемелік кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

3.5. Оқу-әдістемелік кеңестің жұмысы Оқу-әдістемелік кеңес отырысында қабылданған және Орталық басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.6. Оқу-әдістемелік кеңес отырысы кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

3.7. Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы жылына бір рет Орталықтың ғылыми кеңесіне Оқу-әдістемелік кеңес атқарған қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

3.8. Орталықтың Оқу-әдістемелік кеңесі, егер оның отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Оқу-әдістемелік кеңес шешімі қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Оқу-әдістемелік кеңестің мүшелерінің шешімі бойынша жекелеген мәселелер бойынша шешімдер жасырын дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін.

3.9. Оқу-әдістемелік кеңес отырысы хаттамамен ресімделеді. Отырыс хаттамалары мен Оқу-әдістемелік кеңес шешімдеріне Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.

### **4. Оқу-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары**

Оқу-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша Типтік білім беру/оқу бағдарламалары мен типтік білім беру/оқу жоспарларының сараптамасын ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін оқу-әдістемелік камтамасыз ету мәселелерін қарау;

- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқытуды әдістемелік камтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;

- оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарастыру;
- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

## **5. Оқу-әдістемелік кеңестің құқықтары**

Оқу-әдістемелік кеңестің құқығы бар:

- білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін, оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарын, Оқу-әдістемелік кеңестің құзыреті шегінде дене шынықтыру педагогтерінің және басқалардың сабақ және сабақтан тыс жұмысы жөніндегі министрлердің бұйрықтарын орындауын бақылау;
- өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер өткізу;
- Орталықтың барлық құрылымдық бөлімшелерінен өз міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- білім басқармаларының өңірлік дене шынықтыру орталықтарының қызметі туралы ақпаратты тыңдау.

## **6. Өзара әрекеттесу**

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Оқу-әдістемелік кеңес білім басқармаларының өңірлік дене шынықтыру орталықтарымен өзара іс-қимыл жасайды.

## **7. Жауапкершілік**

Оқу-әдістемелік кеңес Орталық Жарғысын сақтамағаны, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің белгіленген талаптарын, сондай-ақ осы Ережені уақтылы және тиісінше орындамағаны және бұзғаны үшін жауапты болады.

## **8. Өзгерістер**

8.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін заңды күші бар нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негіз болып табылады.

8.2. Орталықтың атауы өзгерген кезде осы Ереже белгіленген тәртіппен ауыстырылуға және бекітілуге тиіс.

## **9. Оқу-әдістемелік кеңестің өкілеттіктері**

9.1. Орталықтың оқу-әдістемелік кеңесінің өкілеттік мерзімі - 5 жыл. 5 жыл өткеннен кейін Орталық қызметкерлерінің жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы Оқу-әдістемелік кеңестің жаңа құрамын сайлау жүргізіледі.

9.2. Түпнұсқаны сақтауға, есепке алынған жұмыс даналарын таратуға Оқу-әдістемелік кеңестің хатшысы жауапты болады.